

Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымының жарғылық және меншікті капиталдарының ең аз мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 117 қаулысы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 18 мамырда тіркелді. Тіркеу N 1513. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 257 (V043105) қаулысымен (Қаулы 2005 жылғы 1 желтоқсаннан бастап күшіне енеді).

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қайта құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін 2001 жылғы 1 шілдеден бастап жарғылық капиталдың мынадай ең аз мөлшері белгіленсін:

"жалпы сақтандыру" саласы бойынша лицензия алған кезде - 130 (жүз отыз) миллион теңге ;

"өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензия алған кезде - 150 (жүз елу) миллион теңге ;

"жалпы сақтандыру" саласы бойынша лицензия және қайта сақтандыру лицензиясын алған кезде - 150 (жүз елу) миллион теңге;

"өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензия және қайта сақтандыру лицензиясын алған кезде - 170 (жүз жетпіс) миллион теңге;

қайта сақтандыруды қызметтің ерекше түрі ретінде жүзеге асыра отырып қайта сақтандыру лицензиясын алған кезде - 230 (екі жүз отыз) миллион теңге.

2. 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап осы қаулының 1-тармағында белгіленген жаңадан құрылатын сақтандыру ұйымының жарғылық капиталының ең аз мөлшері сақтандыру сыныптарына сәйкес, сақтандыру ұйымы өзінің сақтандыру қызметін жүзеге асыруды жоспарлау шеңберінде осы қаулының 6-тармағында көрсетілген көлемдегі сомаға арттырылуға тиіс.

3. Жұмыс істеп тұрған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін 2001 жылғы 1 шілдеден бастап жарғылық капиталдың мынадай ең аз мөлшері белгіленсін :

"жалпы сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы болса - 100 (жүз) миллион теңге ;

"өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы болса - 130 (жүз отыз)

м и л л и о н

т е ञ г е ;

"жалпы сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы және қайта сақтандыру лицензиясы болса - 120 (жүз жиырма) миллион теңге;

"өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы және қайта сақтандыру лицензиясы болса - 150 (жүз елу) миллион теңге;

қайта сақтандыруды қызметтің ерекше түрі ретінде жүзеге асыратын лицензиясы болса - 200 (екі жүз) миллион теңге.

4. 2002 жылдың 1 мамырынан бастап осы қаулының 3-тармағында белгіленген жұмыс істеп тұрған сақтандыру ұйымы үшін меншікті капитал сақтандыру сыныптарына сәйкес, сақтандыру ұйымы өзінің сақтандыру қызметін жүзеге асыруды жоспарлау шеңберінде осы қаулының 6-тармағында көрсетілген көлемдегі сомаға арттырылуға тиіс.

5. 2003 жылғы 1 шілдеден бастап жұмыс істеп тұрған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін меншікті капиталдың мынадай ең аз мөлшері белгіленсін :

"жалпы сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы болса - 100 (жүз) миллион теңге плюс осы қаулының 6-тармағында көрсетілген сақтандыру кластарына сәйкес көлемдегі сома, сақтандыру ұйымы сол шеңберде өзінің сақтандыру қызметін жүзеге асырады, не 100 (жүз) миллион теңге плюс сақтандыру сыйлықақылары жиынтық сомасының кемінде 16%-ін шығару, оған қоса осы қаулының 5-1-тармағына сәйкес есептелетін түзету коэффициентіне қарай өткен қаржы жылында есептеліп қайта сақтандыруға берілген және қабылданған сақтандыру сыйлықақылары (комиссиялық сыйақыларды қоспағанда), не 100 (жүз) миллион теңге плюс сақтандыру төлемдері жиынтық сомасының кемінде 23%-ін шығару, оған қоса осы қаулының 5-1-тармағына сәйкес есептелетін түзету коэффициентіне қарай өткен қаржы жылында есептелген сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі - осы келтірілген көлемнің қайсысының көбірек болуына байланысты;

"өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы болса - 130 (жүз отыз) миллион теңге плюс осы қаулының 6-тармағында көрсетілген сақтандыру кластарына сәйкес көлемдегі сома, сақтандыру ұйымы сол шеңберде өзінің сақтандыру қызметін жүзеге асырады, не 130 (жүз отыз) миллион теңге плюс қалыптастырылған сақтандыру резервтері сомасының кем дегенде 4%-і - осы келтірілген көлемнің қайсысының көбірек болуына байланысты;

"жалпы сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы және қайта сақтандыру лицензиясы болса - 120 (жүз жиырма) миллион теңге плюс осы қаулының 6-тармағында көрсетілген сақтандыру кластарына сәйкес көлемдегі сома, сақтандыру ұйымы сол шеңберде өзінің сақтандыру қызметін жүзеге асырады, сақтандыру сыйлықақылары жиынтық сомасының кемінде 16%-ін шығару, оған қоса

осы қаулының 5-1-тармағына сәйкес есептелетін түзету коэффициентіне қарай өткен қаржы жылында есептеліп қайта сақтандыруға берілген және қабылданған сақтандыру сыйлықақылары (комиссиялық сыйақыларды қоспағанда), не 120 (жүз жиырма) миллион теңге плюс сақтандыру төлемдері жиынтық сомасының кемінде 23%-ін шығару, оған қоса осы қаулының 5-1-тармағына сәйкес есептелетін түзету коэффициентіне қарай өткен қаржы жылында есептелген сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі - осы келтірілген көлемнің қайсысының көбірек болуына байланысты;

"өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы және қайта сақтандыру лицензиясы болса - 150 (жүз елу) миллион теңге плюс осы қаулының 6-тармағында көрсетілген сақтандыру кластарына сәйкес көлемдегі сома, сақтандыру ұйымы сол шеңберде өзінің сақтандыру қызметін жүзеге асырады, не 150 (жүз елу) миллион теңге плюс қалыптастырылған сақтандыру резервтері сомасының кем дегенде 4%-і - осы келтірілген көлемнің қайсысының көбірек болуына байланысты;

қайта сақтандыруды қызметтің ерекше түрі ретінде жүзеге асыратын лицензиясы болса - 200 (екі жүз) миллион теңге, не 180 (жүз сексен) миллион теңге плюс сақтандыру сыйлықақылары жиынтық сомасының кемінде 16%-ін шығару, оған қоса осы қаулының 5-1-тармағына сәйкес есептелетін түзету коэффициентіне қарай өткен қаржы жылында есептеліп қайта сақтандыруға берілген және қабылданған сақтандыру сыйлықақылары (комиссиялық сыйақыларды қоспағанда) және "өмірді сақтандыру" саласындағы сақтандыру кластары бойынша қалыптастырылған сақтандыру резервтері сомасының кем дегенде 4%-і - осы келтірілген көлемнің қайсысының көбірек болуына байланысты .

Ескерту: 5-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 13 қарашадағы N 452 қаулысымен .

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Басқарамысының 2003 жылғы 29 мамырдағы N 175 қаулысымен.

5-1. Түзету коэффициенті өткен қаржы жылында есептелген сақтандыру төлемдерінің жиынтық сомасына қайта сақтандырушының өткен қаржы жылында есептелген сақтандыру төлемдеріндегі үлесін шегергенде сақтандыру төлемдерінің жиынтық сомасының қатынасы ретінде есептеледі. Мұндай қатынас 0,5-тен кем болмауға тиіс. Егер түзету коэффициентін есептеу нәтижесінде алынған көлем 0,5-тен кем болса, онда есептеу үшін 0,5 қ а б ы л д а н а д ы .

Егер сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өткен қаржы жылында сақтандыру төлемдерін есептемеген болса, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншік капиталының мөлшерін есептеген кезде түзету коэффициенті

қ о л д а н ы л м а й д ы .

Ескерту. 5-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Басқарамысының 2003 жылғы 29 мамырдағы N 175 қаулысымен.

6. Жаңадан құрылатын сақтандыру ұйымы үшін жарғылық капиталдың және жұмыс істеп тұрған сақтандыру ұйымы үшін меншікті капиталдың ең аз мөлшері сыныптардың мынадай көлемі ескеріле отырып ұлғайтылуға тиіс:

- 1) сақтандырудың ерікті нысаны:
 - өмірді сақтандыру - 15 (он бес) миллион теңге;
 - аннуитеттік сақтандыру - 20 (жиырма) миллион теңге;
 - жазатайым жағдайдан және аурудан сақтандыру - 5 (бес) миллион теңге;
 - медициналық сақтандыру - 10 (он) миллион теңге;
 - автомобиль көлігін сақтандыру - 5 (бес) миллион теңге;
 - теміржол көлігін сақтандыру - 5 (бес) миллион теңге;
 - әуе көлігін сақтандыру - 10 (он) миллион теңге;
 - су көлігін сақтандыру - 5 (бес) миллион теңге;
 - жүкті сақтандыру - 7 (жеті) миллион теңге;
- осы тармақшаның алтыншы - оныншы азатжолдарында көрсетілген сыныптарды қоспағанда, мүлікті сақтандыру - 10 (он) миллион теңге;
- кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру - 10 (он) миллион теңге;
- автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру - 5 (бес) миллион теңге;
- темір жол көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру - 5 (бес) миллион теңге;
- әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру - 10 (он) миллион теңге;
- су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру - 5 (бес) миллион теңге;
- тасымалдаушылардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру - 5 (бес) миллион теңге;
- шарт бойынша иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру - 5 (бес) миллион теңге;
- осы тармақшаның он үшінші - он сегізінші азатжолдарында көрсетілген сыныптарды қоспағанда, зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру - 10 (он) миллион теңге;
- 2) сақтандырудың міндетті нысанындағы әрбір сынып бойынша - 10 (он) миллион теңге.

7. 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс істеп тұрған сақтандыру ұйымы лицензия алу үшін өз капиталының осы қаулының 6-тармағында көзделген талаптарды ескере отырып ұлғайтылған меншікті капиталының ең аз мөлшері

болғанда ғана міндетті және ерікті нысандағы сақтандырудың жаңа сыныптарын енгізе отырып өтініш беруге құқылы.

8. Осы қаулы 2001 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енгізіледі.

9. Осы қаулы қабылданған күннен бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының жарғылық және меншікті капиталдарының ең аз мөлшері туралы" 1999 жылғы 15 қарашадағы N 355 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

10. Сақтандыруды қадағалау департаменті (Құрманов Ж.Б.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

11. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А. Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы